



## Карантиндік фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 131 бүйрүгі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 сәуірде № 20432 болып тіркелді

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес БҮЙҮРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған карантиндік фитосанитариялық талаптар бекітілсін.

2. "Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/66 бүйрүгінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11781 болып тіркелген, 2015 жылы 1 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрүктың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрүктың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрүктың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бүйрүк алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

C. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің  
2020 жылғы 17 сәуірдегі  
№ 131 бүйрүгімен  
бекітілген

Карантиндік фитосанитариялық талаптар

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы карантиндік фитосанитариялық талаптар "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес өзірленді.

2. Осы карантиндік фитосанитариялық талаптар карантиндік фитосанитариялық бақылауға және қадағалауға жататын карантинге жатқызылған өнімге (карантинге жатқызылған жүктеге, карантинге жатқызылған материалдарға, карантинге жатқызылған тауарларға) (бұдан әрі – карантинге жатқызылған өнім), сондай-ақ карантинге жатқызылған объектілерге қойылады және карантиндік объектілердің әкелінуіне және таралуына жол бермеуге бағытталған.

3. Осы карантиндік фитосанитариялық талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) гүл шоғы – жаңа өскен немесе кептірілген, саны 15 данадан аспайтын, бірге жиналған кесілген гүлдер, гүлшанақтар, жапырақтар, бұтақтар, шөптер, мүктеге, қыналар және (немесе) гүлдері немесе гүлшанақтары жоқ өсімдіктердің басқа да бөліктері;

2) карантинге жатқызылған өнімнің орнын ауыстыру – карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағы бойынша облысаралық орнын ауыстыру;

3) бос аймақ – карантиндік объектінің және бөтен текті түрдің болмауы ғылыми дәлелденген және қажет болған жағдайда ол өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның тікелей бақылауымен және қадағалауымен ұстап тұрылатын Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі;

4) бос өндіріс орны – карантиндік объектінің және бөтен текті түрдің болмауы ғылыми дәлелденген және қажет болған жағдайда ол өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның тікелей бақылауымен және қадағалауымен белгілі бір уақыт кезеңі ішінде (кемінде 1 вегетациялық кезең) ұстап тұрылатын әкімшілік-аумақтық бірлік немесе жер участкерінің жиынтығы;

5) бос өндіріс участкесі – карантиндік объектінің және бөтен текті түрдің болмауы ғылыми дәлелденген және қажет болған жағдайда ол өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның тікелей бақылауымен және қадағалауымен белгілі бір уақыт кезеңі ішінде (кемінде 1 вегетациялық кезең) ұстап тұрылатын танап, бақ, жылышай, орман немесе жер участкесі не карантинге жатқызылған өзге де объект.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-4/282 бүйрекшімен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11739 болып тіркелген) бекітілген Өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлер тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған карантинге жатқызылған өнімнің орнын ауыстыруға осы карантиндік фитосанитариялық талаптарда көзделген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

5. Осы карантиндік фитосанитариялық талаптарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Тізбеке енгізілген карантиндік объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер анықталған орны ауыстырылатын карантинге жатқызылған өнім өндөлуі, залалсыздандырылуы, жөнелтушіге қайтарылуы немесе жойылуы (ыдысты қоса алғанда) тиіс.

6. Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнің орнын ауыстыру карантиндік сертификаттың сүйемелдеуімен жүзеге асырылады.

7. Жалпы салмағы бес килограмнан аспайтын фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімнің (осы карантиндік фитосанитариялық талаптардың 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ поча жөнелтімдерінде, кеме, ұшақ, жолаушылар вагондары, автокөлік құралдары жолаушыларының, кеме, ұшақ еkipаждары, поезд бригадалары мүшелерінің және автокөлік құралдары жүргізушілерінің бірге алып жүретін және бірге алып жүрмейтін багажында тасымалданатын саны бір данадан аспайтын қауынның, қарбыз бен асқабақтың, саны үш гүл шоғынан аспайтын гүлдердің орнын ауыстыру карантиндік сертификаттың сүйемелдеуінсіз рұқсат етіледі.

8. Орны ауыстырылатын, оның ішінде поча жөнелтімдерінде, кеме, ұшақ, жолаушылар вагондары, автокөлік құралдары жолаушыларының, кеме, ұшақ еkipаждары мүшелерінің бірге алып жүретін және бірге алып жүрмейтін багажында және вагон-мейрамханаларда тұқымдық және отырғызу материалы (тұқымдық және азық-түліктік картопты және селекциялық және ғылыми-зерттеу мақсаттарына арналған материалды қоса алғанда) карантиндік фитосанитариялық сертификатпен сүйемелденеді.

9. Көлік құралдарындағы және осы көлік құралдарының командалары мен еkipаждарының азық-түлік мақсаттарына арналған карантинге жатқызылған өнімді көлік құралдарынан тысқары шығаруға жол берілмейді. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамының нұсқамасы бойынша карантиндік объектілермен залалданған көлік құралдарындағы азық-

тұлік запастары арнайы қойма үй-жайларында залалсыздандырылады, жойылады немесе пломбыланады.

10. Карантинге жатқызылған өнімнің орнын ауыстыру кезінде буып-тую материалы ретінде толық жұқа ағаштан (қалыңдығы 6 миллиметрден аспайтын) дайындалған ағаштан жасалған буып-тую материалы, карантиндік объектілердің тасымалдаушылары бола алмайтын картон, қағаз, тоқыма, полимерлік материалдар, сондай-ақ осы карантиндік фитосанитариялық талаптардың 41-тармағына сәйкес ағаштан жасалған буып-тую материалы пайдаланылады.

11. Осы карантиндік фитосанитариялық талаптар қызметі карантинге жатқызылған өнімді өндірумен, дайындаумен, өндеумен, тасымалдаумен, сақтаумен, өткізумен және пайдаланумен байланысты жергілікті атқарушы органдарға, занды тұлғаларға, жеке тұлғаларға (оның ішінде дара кәсіпкерлер ретінде тіркелгендерге) таралады.

**2-тарау. Өсімдіктердің тұқымдық және отырғызу материалына қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

12. Тұқымдық (тұқым немесе жеміс түрінде) және отырғызылатын (көшет түрінде) материал карантиндік объектілерден, оның ішінде карантиндік арамшөптерден бос болуға тиіс.

Тұқымдық материал (тұқым және жеміс түрінде) стрига (*Striga spp*) тұқымdas өсімдіктерден таза аймақтарда дайындалуы тиіс.

Отырғызу материалы (көшеттер түрінде) арамсою (*Cuscuta spp.*) тұқымdas өсімдіктерден таза болуы тиіс.

13. Тұқымдық және отырғызу материалының партиялары (партиясының бөлігі) өнімнің атауы, елі, өндіріс орны және (немесе) участкесі, экспорттаушы туралы ақпараты бар таңбалау болған кезде буып-түйілген түрде ауыстырылады. Көрсетілген таңбалаусыз ауыстырылатын және (немесе) буып-түйілмеген тұқымдық және отырғызу материалын ауыстыруға жол берілмейді.

14. Тұқымдық және селекциялық мақсаттарға арналған картоп, тұқымды, түйнек құраушы түрлердің *Solanum* тұқымdas түйнектерді (негізінен *Solanum tuberosum* түрі), шағын түйнектерді (коректік ортада өсірілген картоптың микроөсімдіктерінен пайда болатын түйнектер) және микроөсімдіктерді (өсімдіктерді, түйнек құраушы *Solanum spp* тектес ұлпалық дақылындағы микротүйнектерді қоса алғанда) қамтиды. Көрсетілген селекциялық материал сондай-ақ басқа да столон немесе түйнек құраушы түрлерді не *Solanum* тұқымdas гибридтерді қамтуы мүмкін.

15. Топырақ кесегі мен топырағы бар қоректік қоспасымен өсімдіктердің және топырақ субстраты бар құмырадағы өсімдіктерді карантиндік

объектілерден таза аймақтардан, өндіріс орындарынан және (немесе) участкерінен орын ауыстыруға жол беріледі.

16. Карантиндік объектілер анықталған тұқымдық және отырғызу материалының партиялары (партиясының бөлігі) залалсыздандырылуы, жөнелтушіге қайтарылуы немесе жойылуы тиіс. Тұқымдық және отырғызу материалына қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 1-қосымшаға сәйкес айқындалған.

**3-тaraу. Көкөністер мен картопқа қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

17. Картопта және басқа түйнекжемісті мен тамыржемісті көкөністерде топырақ қоспасына өнімнің нақты салмағының бір пайызына дейін жол беріледі.

18. Көкөніс пен картоп азиялық мақта көбелегінен (*Spodoptera litura*), беденің американлық үнгі шыбынынан (*Liriomyza trifolii*), американлық жүгері көбелегінен (*Helicoverpa zea*), пияздың үнгішшыбынынан (*Liriomyza nietzkei*), американдық темекі бітесінен (*Frankliniella fusca*), андылық картоп бізтұмсығынан (*Premnotypes spp.*), картоптың андылық латентті тимовирусынан (*Andean potato latent tymovirus*), африкалық қауын шыбынынан (*Bactrocera cucurbitae*), асқабақ дақылдарының бактериялық теңбілденуінен (*Acidovorax citrulli*), қызылша жүйкесінің некротикалық сарғауы бенивирусынан (*Beet necrotic yellow vein benyvirus*), картоптың бозғылт жұмырқұртынан (*Globodera pallida*), картоптың қоңыр шірігінен (*Ralstonia solanacearum*), картоп түйнектерінің ұршық тәріздігінің вироидінен (*Potato spindle tuber viroid*), картоптың T теповирусынан (*Potato virus T*), шығыс гүл бітесінен (*Frankliniella tritici*), гавай бітесінен (*Thrips hawaiiensis*), гватемалалық картоп күйесінен (*Tecia solanivora*), картоп қаракүйесінен (*Thecaphora solani*), қауын шыбынынан (*Myiopardalis pardalina*), мысырлық мақта көбелегінен (*Spodoptera littoralis*), батыс гүл бітесінен (*Frankliniella occidentalis*), жасыл бақша көбелегінен (*Chrysodeixis eriosoma*), қоснұктелі алтын түстес тұн көбелегінен (*Chrysodeixis chalcites*), картоптың алтын түстес жұмырқұртынан (*Globodera rostochiensis*), вест-үнділік гүл бітесінен (*Frankliniella insularis*), үндіқытайлық гүл бітесінен (*Scirtothrips dorsalis*), картоптың қанқызыл қоңызынан (*Epilachna vigintioctomaculata*), картоп күйесінен (*Phthorimaea operculella*), қызанақтың қызыл өрмекші кенесінен (*Tetranychus evansi*), картоптың колумбиялық бұзғынша жұмырқұртынан (*Meloidogyne chitwoodi*), таулы тікенекті аққанаттан (*Aleurocanthus spiniferus*), тамыр берішті жұмырқұртынан (*Meloidogyne enterolobii*), жүгерінің жапырақ көбелегінен (*Spodoptera frugiperda*), пияз жапырағының күйігі қоздырғышынан (*Xanthomonas axonopodis* pv. *Allii*), жалған берішті жұмырқұртынан (*Nacobbus aberrans*), жалған колумбиялық бұзғынша жұмырқұртынан (*Meloidogyne fallax*), қанжарлы жұмырқұртынан (*Xiphinema rivesi*), көкөніс үнгі шыбынынан

(*Liriomyza sativae*), сондай-ақ картоп тенбілінің андылық комовирусынан (*Potato Andean mottle comovirus*), картоптың қатерлі ісігінен (*Synchytrium endobioticum*), темекі аққанатынан (*Bemisia tabaci*), қызанақ бітесінен (*Frankliniella schultzei*), пальма бітесінен (*Thrips palmi*), бақытгүлдің жапырақ үнгі шыбынынан (*Nemorimyza maculosa*), цитрусты қара аққанаттан (*Aleurocanthus woglumi*), американлық эхинотрипстен (*Echinothrips americanus*), оңтүстік американлық жапырақ үнгі шыбынынан (*Liriomyza huidobrensis*), оңтүстік американлық қызанақ күйесінен (*Tuta absoluta*) және оңтүстік тұн көбелегінен (*Spodoptera eridania*) таза күйінде орын ауыстырылады.

19. Карантинге жатқызылған өнімнің әрбір буып-туюіне қарбызды (Еуразиялық экономикалық одактың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН коды 0807 11 000 0), қауынды (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 0807 19 000 0) және асқабақты (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 0709 93 900 0) үйіп орнын ауыстыру жағдайларын қоспағанда, өнімнің атауы, әкімшілік-аумақтың бірлік, өндіріс орны туралы ақпаратты қамтитын таңбалашылады.

Көкөністер мен картопқа қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 2-қосымшаға сәйкес айқындалған.

**4-тaraу. Дәнді, бұршақты және майлы дақылдар дәніне және олардың өндеу өнімдеріне қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

20. *Striga spp* стрига тұқымдас карантиндік арамшөптердің тұқымдарымен ластанған дәнді, бұршақты және майлы дақылдар дәнінің және оның өндеу өнімдерінің партиялары жөнелтушіге қайтарылуы тиіс. Өзге карантиндік арамшөптердің тұқымдары немесе жемістері анықталған жағдайда көрсетілген партиялар жөнелтушіге қайтарылуы, жойылуы немесе карантиндік арамшөптердің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша карантиндік фитосанитариялық талаптарға сай келетін кәсіпорындарда өнделуі тиіс. Соя бұршақтары партияларында қызыл күрен церкоспороз (*Cercospora kikuchii*) анықталған жағдайда көрсетілген партиялар жөнелтушіге қайтарылуы, жойылуы немесе қызыл күрен церкоспорозымен (*Cercospora kikuchii*) залалданған соя бұршақтарын өндеуді жүзеге асыратын кәсіпорындарда өнделуі тиіс.

21. Карантиндік арамшөптердің тұқымдары мен жемістері бар дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың дәндері, оның өндеу өнімдері, сондай-ақ қызыл күрен церкоспорозымен (*Cercospora kikuchii*) залалданған соя бұршақтарының партиялары өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор белгілейтін кәсіпорындарға өндеуге жіберіледі.

22. Дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың дәндерін, оның өндеу өнімдерін тәгліп-шашылуын болдырмау бойынша шараларды қамтамасыз ете отырып, кемелердің трюмдерінде, контейнерлерде, астық таситын вагондарда, сондай-ақ автомобиль көлігінде үйіп орын ауыстыруға жол беріледі.

23. Дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың дәндерін, оның өндеу өнімдерін буып-түйілген күйінде орын ауыстыруға тек жаңа және газ өткізбейтін буып-түюде ғана жол беріледі. Осы тармақтың талаптары тұтыну қаптамасындағы өнімге қолданылмайды.

24. Дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың дәндерін, оның өндеу өнімдерін кемелердің трюмдерінен түсіру кезінде су бетіне және айлаққа тәгіліп-шашылуын болдырмайтын техникалық құралдар пайдаланылады.

25. Дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың дәндерін, оның өндеу өнімдерін көлік құралдарынан тек қатты жабынды (бетон, асфальт) аландарға ғана түсіруге жол беріледі.

26. Түсіру аландарында және теміржолдарда пайда болатын дәнді, бұршақты және майлы дақылдар дәнінің, оның өнделген өнімдерінің тәгіліп-шашылғандары күн сайын жойылуы тиіс.

27. Азық-түлік, жемдік және техникалық мақсаттарға арналған дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың дәндерін себу үшін пайдалануға жол берілмейді.

28. Жер жаңғағы дән қоңызы (*Saguedon gonagra*), бразилиялық бұршақ дән қоңызы (*Zabrotes subfassiatus*), *Callosobruchus* тұқымдас дән қоңыздары, капр қоңызы (*Trogoderma granarium*) және (немесе) кең тұмсықты қамба бізтұмсығы (*Caulophilus latinasus Say*) таралған елдерден әкелінетін дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың дәндерін, оның өндеу өнімдерін көлік құралынан түсіру олардың карантиндік фитосанитариялық жай-күйі анықталғаннан кейін жүзеге асырылады. Тірі карантиндік зиянкестер анықталған кезде дәнді, бұршақты және майлы дақылдардың дәндері, оның өндеу өнімдері көлік құралында залалсыздандырылуға, ал оны жүргізу мүмкін болмаған жағдайда – жөнелтушіге қайтарылуы немесе жойылуы тиіс.

29. Өсіп-өнуге, өсуге және келешекте көбеюге қабілетті карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістері бар дәнді, бұршақты және майлы дақылдар дәндерінің, оның өндеу өнімдерінің қалдықтары карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологияларда өнделуі тиіс.

Дәнді, бұршақты және майлы дақылдар дәндерінің, оның өндеу өнімдерінің шаруашылық құндылығы жоқ қалдықтары, сыпрындылар және қоқыс түсіру,

сақтау және өндеу орындарында жағу әдісімен жойылуы немесе фитосанитариялық шұнқырларға көмілуі тиіс.

30. Каратиндік арамшөптердің түқымдары мен жемістері бар дәнді, бұршақты және майлы дақылдар дәндерінің, оның өндеу өнімдерінің партияларын өндеуге жібермей орнын ауыстыру осы карантиндік фитосанитариялық талаптардың 22-тармағының талаптары сақталған шартта осы партияларды экспортқа жіберген жағдайда жол беріледі.

Дәнді, бұршақты және майлы дақылдар дәніне және оның өндеу өнімдеріне қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 3-қосымшаға сәйкес айқындалған.

**5-тaraу. Жемістер мен жидектерге қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

31. Қараөрік шарка (шешек) вирусы (*Plum Pox Potyvirus*), жалған қалқаншалы және қалқаншалы сымырлардың карантиндік түрлері бар жемістер мен жидектерді қоспағанда, Тізбеке енгізілген карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған жемістер мен жидектердің орнын ауыстыруға жол берілмейді.

32. Каратинге жатқызылған өнімнің әрбір буып-түюіне өнімнің атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік, өндіріс орны туралы таңбалau қойылады.

33. Жемістер мен жидектерге қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 4-қосымшаға сәйкес айқындалған.

**6-тaraу. Гүлшоқтарын жасау немесе әсемдік мақсаттар үшін жарамды кесілген гүлдерге және гүлшанақтарға қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

34. Гүлшоқтарын жасау немесе әсемдік мақсаттар үшін жарамды кесілген гүлдер және гүлшанақтар азиялық мақта көбелегінен (*Spodoptera litura*), американлық беде үңгі шыбынынан (*Liriomyza trifolii*), пияздың үңгі шыбынынан (*Liriomyza nietzkei*), американдық темекі бітесінен (*Frankliniella fusca*), бақытгүл аскохитозы қоздырғышынан (*Didymella ligulicola*), бақытгүлдің ақ таты қоздырғышынан (*Puccinia horiana*), пияз жапырағының күйігі қоздырғышынан (*Xanthomonas axonopodis* pv. *Allii*), пеларгонияның тат ауруынан (*Puccinia pelargonii-zonalis*), камелия гүлінің күйігі қоздырғышынан (*Ciborinia camelliae*), шығыс гүл бітесінен (*Frankliniella tritici*), гавай бітесінен (*Thrips hawaiiensis*), мысырлық мақта көбелегінен (*Spodoptera littoralis*), батыс гүл бітесінен (*Frankliniella occidentalis*), жасыл бақша көбелегінен (*Chrysodeixis eriosoma*), қоснуктелі алтын түстес түн көбелегінен (*Chrysodeixis chalcites*), вест-ұнділік гүл бітесінен (*Frankliniella insularis*), үндіқытайлық гүл бітесінен (*Scirtothrips dorsalis*), жүгерінің жапырақ көбелегінен (*Spodoptera frugiperda*), американлық жүгері көбелегінен (*Helicoverpa zea*), қызанактың қызыл өрмекші кенесінен

(*Tetranychus evansi*), көкөніс үңгі шыбынынан (*Liriomyza sativae*), күнбағыс жапырақжегішінен (*Zygogramma exclamatiois*), темекі аққанатынан (*Bemisia tabaci*), қызанақ бітесінен (*Frankliniella schultzei*), пальма бітесінен (*Thrips palmi*), қалампирдың фиалофорлы солуынан (*Phialophora cinerescens*), бақытгүл жапырағын үңгі шыбынынан (*Nemorimyza maculosa*), цитрусты қара аққанаттан (*Aleurocanthus woglumi*), американлық эхинотрипстен (*Echinothrips americanus*), оңтүстік американлық жапырақ үңгі шыбынынан (*Liriomyza huidobrensis*) және оңтүстік тұн көбелегінен (*Spodoptera eridania*) таза күйінде орын ауыстырылады.

35. Орны ауыстырылатын карантинге жатқызылған өнімнің әрбір буып-түюіне өнімнің атауы, әкімшілік-аумақтың бірлік, өндіріс орны туралы таңбалau қойылады.

36. Карантинге жатқызылған өнімді жабық топырақта өндіруді жүзеге асыратын оранжереяларда және басқа да кәсіпорындарда оларды сақтау және сұрыптау мақсатында пайдалану үшін кесілген гүлдер мен гүлшанақтардың орнын ауыстыруға жол берілмейді.

37. Кесілген гүлдер партиясында (партия бөлігінде) осы карантиндік фитосанитариялық талаптардың 34-тармағында көрсетілген карантиндік объектілер анықталған жағдайда залалданған партия (партия бөлігі) жөнелтушіге қайтарылуы немесе жойылуы тиіс. Зертханалық сараптама және (немесе) карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізу нәтижесінде анықталған партияда (партия бөлігінде) мұндай карантиндік объектілер болмаған жағдайда партияның таза бөлігі мақсаты бойынша пайдаланылады.

Гүлшоқтарын жасау немесе әсемдік мақсаттар үшін жарамды кесілген гүлдерге және гүлшанақтарға қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 5-қосымшага сәйкес айқындалған.

#### **7-тaraу. Ағаш материалдарына қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

38. Осы карантиндік фитосанитариялық талаптар қылқан жапырақты тұқымдылардың ағаш материалдарына, оның ішінде мынадай ботаникалық тектерге жататындарға қойылады:

- 1) шырша (*Picea*);
- 2) балқарағай (*Cedrus*);
- 3) сауыр ағаш (*Cupressus*);
- 4) сағызқарағай (*Larix*);
- 5) арша (*Juniperus*);
- 6) самырсын (*Abies*);
- 7) псевдотсуга (*Pseudotsuga*);
- 8) қарағай (*Pinus*);

9) тсуга (*Tsuga*).

39. Қылқан жапырақты тұқымдылардың барлық ағаш материалдары жұпсыз жібек көбелегінің азиялық кіші түрінен (*Lymantria dispar asiatica*), америкалық шыршаның жапырақ ширатқыш көбелегінен (*Choristoneura fumiferana*), ақ теңбіл мұртты қоныздан (*Monochamus scutellatus*), шыршаның үлкен тінжегішінен (*Dendroctonus micans*), шыршаның үлкен қара мұртты қонызынан (*Monochamus urussovii*), үлкен жапырақты көктеректің ширатқыш көбелегінен (*choristoneura conflictana*), қарагайдың ұршық тәрізді татынан (*Cronartium fusiforme*), шығыстық бестікенекті қабықжегішінен (*IPS Grandicollis*), шығыстық алтытікенекті қабықжегішінен (*IPS Calligraphus*), шығыстық қарабасты жапырақ ширатқыш көбелегінен (*Acleris variana*), таулық қарағай тінжегішінен (*Dendroctonus ponderosae*), шыршаның тінжегішінен (*Dendroctonus rufipennis*), батыстық қарағай тінжегішінен (*Dendroctonus brevicomis*), қарағайдың беріш тәрізді батыстық татынан (*Endocronartium harknessii*), батыстық шыршаның жапырақ ширатқыш көбелегінен (*Choristoneura occidentalis*), батыстың қарабасты жапырақ ширатқыш көбелегінен (*Acleris gloverana*), калифорниялық қабықжегішінен (*Ips plastographus*), каролиналық мұртты қоныздан (*Monochamus carolinensis*), қарағай қалқанының теңбіл қоныр құйігінен (*Mycosphaerella dearnessii*), сақиналы жібек көбелегінен (*Malacosoma disstria*), шыршаның кіші қара мұртты қонызынан (*Monochamus sutor*), орегондық қарағай қабықжегішінен (*Ips pini*), қарағайдың теңбіл мұртты қонызынан (*Monochamus clamator*), қарағай діңі мен бұтағының қатерлі ісігі (құйігі) қоздырғышынан (*Atropellis piniphila*), қарағай діңі мен бұтағының қатерлі ісігі (құйігі) қоздырғышынан (*Atropellis pinicola*), алма және аршаның татынан (*Gymnosporangium yamadae*), шамшаттың мүйіз тәрізді татынан (*Cronartium quercuum*), қарағайдың сары тінжегішінен (*Dendroctonus valens*), солтүстік-шығыс мұртты қоныздан (*Monochamus notatus*), жапондық сағызқарағай қылқанының септориозынан (*Mycosphaerella laricis-leptolepidis*), сібір жібек көбелегінен (*Dendrolimus sibiricus*), ақ қарағай бізтұмсық қоныздан (*Pissodes strobi*), қарағайдың тұқым қандаласынан (*Leptoglossus occidentalis*), қарағайдың төбелік бізтұмсық қонызынан (*Pissodes terminalis*), қарағай діңінің жұмырқұртынан (*Bursaphelenchus xylophilus*), жалпақ қанат қалқанды мұртты қоныздан (*Monochamus obtusus*), марморатор мұртты қонызынан (*Monochamus marmorator*), мутатор мұртты қонызынан (*Monochamus mutator*), уссуриялық полиграфынан (*Polygraphus Proximus*), қара барқыт-теңбіл мұртты қоныздан (*Monochamus saltuarius*), қара жылтыр мұртты қоныздан (*Monochamus nitens*), қара теңбіл мұртты қоныздан (*Monochamus Impluviatus*), қарағайдың қара мұртты қонызынан (*Monochamus galloprovincialis*), онтүстік

қарағай мұртты қоңыздан (*Monochamus titillator*) және қарағайдың жапондық мұртты қоңызынан (*Monochamus alternatus*) таза күйінде орын ауыстырылады.

Қылқан жапырақты тұқымдылардың ағаш материалдарына қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 6-қосымшаға сәйкес айқындалған.

40. Жапырақты тұқымдардың барлық ағаш материалдары жұпсыз жібек көбелегінің азиялық кіші түрінен (*Lymantria dispar asiatica*), азиялық мұртты қоңыздан (*Anoplophora glabripennis*), қайыңның қола зер қоңызынан (*Agrilus anxius*), шығыс талшын жаңғақ бұлдіргісінен (*Dryocosmus kuriphilus*), емен шілтершісінен (*Corythucha arcuata*), қытайлық мұртты қоңыздан (*Anoplophora chinensis*), қызылмойынды мұртты қоңыздан (*Aromia bungii*), шынардың шілтершісінен (*Corythucha ciliata*), қиғаш сызықты жапырақ ширатқыш көбелегінен (*Choristoneura rosaceana*), еменнің тұтікшелі микозынан (*Ceratocystis fagacearum*), шағанның тәбе қурауынан (*Chalara fraxinea*), әсемдік және сүректі дақылдар фитофторозынан (*Phytophthora kernoviae*), сүректі және бұта дақылдары фитофторозынан (*Phytophthora ramorum*), қандыағаш фитофторозынан (*Phytophthora alni*), алманың домалақ басты шырылдауық мұртты қоңызынан (*Saperda candida*), алманың зерқоңызынан (*Agrilus mali*) және шағанның көк-жасыл құшық денелі зерқоңызынан (*Agrilus planipennis*) таза күйінде орын ауыстырылады.

Жапырақты тұқымдылардың ағаш материалдарына қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 7-қосымшаға сәйкес айқындалған.

41. Ағаштан жасалған буып-түю материалдары мен бекітпе ағашына мынадай карантиндік фитосанитариялық талаптар қойылады:

1) ағаштан жасалған буып-түю және бекітпе материалдары (ЕАЭО СЭҚ ТН 4415, 4416 00 000 0 кодтары) қабығынан аршылады және кемінде отыз минут бойы плюс 56 градус Цельсийге дейін ағаштың барлық қалындығы бойынша (өзегін қоса алғанда) қыздырылып өндөледі немесе фумигацияланады.

Осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 8-қосымшаға сәйкес нысадар бойынша орындалған буып-түю және бекітпе материалдарындағы таңбалау жүргізілген өндеуді растау болып табылады. Таңбалау анық, күйдіріп немесе өшірілмейтін бояумен (қызыл және қызғылт сары түстерді қоспағанда) салынады және ағаш ыдысты пайдалану кезінде көрінетін жерде (ағаштан жасалған буып-түю материалы бірлігінің кем дегенде екі қарама-қарсы жағына) орналастырылады.

2) ағаш материалдарының орнын ауыстыру кезінде қабығы аршылмаған және өндөлмеген ағаш бекітпе материалдарын осы ағаштан жасалған буып-тую және бекітпе материалдары сондай үлгідегі және сападағы ағаштан дайындалған және карантиндік объектілерден таза болған жағдайда ғана пайдалануға жол беріледі.

Осы тармақтың талаптары толық жұқа ағаштан жасалған (қалыңдығы алты миллиметрден аспайтын) ағаштан жасалған буып-тую материалына қолданылмайды.

## **8-тарау. Басқа карантинге жатқызылған өнімге қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

42. Орны ауыстырылатын басқа карантинге жатқызылған өнімге қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 9-қосымшаға сәйкес айқындалған.

**9-тaraу. Караптindік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша астықты және оның өндіре өнімдерін өндеді жүзеге асыратын кәсіпорындарға қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

43. Караптундік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша астықты және оның өндіреу өнімдерін өндіреді жүзеге асыратын кәсіпорындар (бұдан әрі – астықты өндіреу жөніндегі кәсіпорындар):

- 1) қатты жабыны бар түсіру аландарымен;
  - 2) қойма үй-жайларымен;

3) карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялармен;

4) қалдықтарды, сыптырындылар мен қоқыстарды жағуға арналған пештермен, жабдықтармен немесе фитосанитариялық шұңқырлармен жаракталауды.

44. Қызыл күрең церкоспорозымен (*Cercospora kikuchii*) залалданған соя бұршақтарын өндөуді жүзеге асыратын кәсіпорындар:

- 1) плюс 60 градус Цельсийден төмен емес температурада отыз минут бойы соя бүршақтарына әсер етуді қамтамасыз ететін технологиялармен;
  - 2) қызыл күрең церкоспорозымен (*Cercospora kikuchii*) залалданған соя бүршақтарын жеке сактауға арналған үй-жайлармен қосымша жарақталады.

45. Астықты және оның өндеу өнімдерін тасымалдау үшін пайдаланылған көлік құралдары мен сыйымдылықтар тазарттылуы тиіс.

46. Астықпен және оның өндірілген технологиялық операциялар жүргізілгеннен кейін түсіру алаңдары, қойма үй-жайлары мен технологиялық жабдықтар тазартылуы тиіс.

47. Тазалау кезінде алынған қалдықтар (қоқыс, өсімдік қалдықтары) жойылуы немесе кәдеге жаратылуы тиіс.

48. Астықты өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындардың қойма үй-жайлары залалсыздандырылады.

49. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган кәсіпорындарға карантиндік арамшөптердің тұқымдарымен залалданған астықты және оның өңдеу өнімдерін, сондай-ақ қызыл күрең церкоспорозымен (*Cercospora kikuchii*) залалданған соя бұршақтарын өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат береді.

**10-тарау. Ағаштан жасалған буып-түю материалын залалсыздандыруды және таңбалауды жүзеге асыратын кәсіпорындарға қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар**

50. Ағаштан жасалған буып-түю материалын залалсыздандыруды және таңбалауды жүзеге асыратын кәсіпорындар:

1) білікті персоналмен;

2) осы карантиндік фитосанитариялық талаптарға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша залалсыздандыру бойынша жүргізілген жұмыс көлемін тіркеу журналымен (бұдан әрі – Журнал);

3) өлшеу құралдарын тексеруді растайтын құжаттармен қамтамасыз етіледі.

51. Ағаштан жасалған буып-түю материалын термоөңдеу әдісімен залалсыздандыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар ағаштан жасалған буып-түю материалын залалсыздандыруды жүргізу үшін тиісті технологиялық жабдықпен және шарттарымен жаракталады.

Ағаштан жасалған буып-түю материалын термоөңдеу әдісімен залалсыздандыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар:

ағаштың терен бөліктерінің отыз минут бойы плюс 56 градус Цельсийден төмен емес температураға дейін қызуын қамтамасыз ететін кептіруге арналған камералармен;

камераның төменгі бөлігінде біркелкі орналасқан, көрсеткіштері ағаштан жасалған буып-түю материалын кептіру және залалсыздандыру хаттамасында, сондай-ақ ағаштан жасалған буып-түю материалына жүргізілген термоөңдеу графигінде көрсетілетін кемінде төрт термодатчикпен;

залалсыздандырылған ағаштан жасалған буып-түю материалдарын және залалсыздандырудан өтпеген материалдарды бөлек сақтауға арналған үй-жайлармен;

карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған ағашты не ағаштан жасалған буып-түю материалын, ағаш және қабықтың қалдықтарын жоюға арналған пештермен немесе жабдықтармен;

журналмен;

өлшеу құралдарын тексеруді растайтын құжаттармен;  
ағаштан жасалған буып-түю материалдарын жылумен өндөу әдісімен залалсыздандыруды жүзеге асыратын персоналдың біліктілігін растайтын құжаттармен жаракталады.

52. Ағаштан жасалған буып-түю материалын диэлектрлік қыздыру әдісімен залалсыздандыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар:

1) өндөу басталғаннан кейін отыз минут ішінде қызуудың ағаштың барлық қалындығы бойынша (бетін қоса алғанда) бір минут ішінде ұздіксіз плюс 60 градус Цельсий ең төменгі температураға дейін жетуін қамтамасыз ететін жабдықпен (ең аз габаритті, жиырма сантиметрден аспайтын ағаштан жасалған буып-түю материалы үшін);

2) қалындығы бес сантиметрден аспайтын ағаш үшін 2,45 гигагерц жиілігімен біркелкі диэлектрлік қызууды қамтамасыз ететін микротолқынды энергияны бөлуге арналған екі жақты жылдықтыштары немесе бірнеше толқын жолдары бар жабдықпен;

3) өндөлетін ағаштың ішіндегі және бетіндегі температураны талдау үшін кемінде екі температуралық датчикпен жаракталады.

53. Ағаштан жасалған буып-түю материалын фумигация әдісімен залалсыздандыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар ағаштан жасалған буып-түю материалын фумигация әдісімен залалсыздандырудың технологиялық схемаларының орындалуын қамтамасыз ететін жабдықтармен жаракталады.

54. Ағаштан жасалған буып-түю материалының өндірісі орналасқан және оны залалсыздандыру жүргізілетін аумақтар қоршалады, ағаш қалдықтары мен қабығынан таза күйінде сақталады, қатты жабыны мен кірме жолдары болады.

55. Өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ағаштан жасалған буып-түю материалын залалсыздандыру және таңбалау қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындарға есептік нөмірлер беруді жүзеге асырады.

Карантиндік фитосанитариялық  
талаптарға  
1-косымша

#### Тұқымдық және отырғызу материалына қойылатын карантиндік фитосанитариялық талаптар

Карантинге жатқызылған өнім түрі (Еуразиялық № р/с экономикалық комиссияның сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды)	Карантиндік фитосанитариялық талаптар
--	---------------------------------------

1-тарау. Тұқымдық материал

1	Дәнді дақылдардың тұқымдары (1001-ден, 1002-ден, 1003-тен, 1004-тен, 1006-дан, 1007-ден, 1008-ден, 1209-дан)	тұқымдар, ыдыс және көлік құралдары осы карантиндік фитосанитариялық талаптардың 12-тармағында көрсетілген карантиндік объектілерден, сондай-ақ бразилиялық бұршақ дән қонызы ( <i>Zabrotes subfassius</i> ), <i>Callosobruchus</i> тұқымдастарынан, дән қоныздарынан, капр қоныздан ( <i>Trogoderma granarium</i> ) және (немесе) кен тұмсықты қамба бізтұмсығынан ( <i>Caulophilus latinasus</i> Say) таза күйінде орын ауыстырылады.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
2	Бидай тұқымы (Triticum spp.) тритикале (Triticosecale) (1001, 1008 60 000 0-ден)	Бидайдың үнді (карнал) қаракүйесінен ( <i>Tilletia indica</i> ), бидайдың ергежейлі қаракүйесінен ( <i>Tilletia controversa</i> ) таза аймақтарынан, бидайдың сары шырышты бактериозынан ( <i>Rathayibacter tritici</i> ) таза аймақтардан және (немесе) өндіріс орындарынан шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
3	Жүгері тұқымы (Zea mays ssp.) (0709 99 600 0, 1005 10-ден)	осы қосымшаның 1-тармағын сақтай отырып. Жүгерінің бактериялық солуынан ( <i>Pantoea stewartii</i> subsp. <i>stewartii</i> ), жүгерінің құрғақ шірігінен ( <i>Stenocarpella macrospora</i> және <i>Stenocarpella maydis</i> ), көпұлы күлжара коныздан ( <i>Dinoderus bifoveolatus</i> ) және жүгері жапырақтарының теңбілінен ( <i>Cochliobolus carbonum</i> ) таза аймақтардан және (немесе) өндіріс орындарынан шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
4	Күріш тұқымы (Oryza spp.) (1006-дан)	осы қосымшаның 1-тармағын сақтай отырып. Күріштің бактериялық қүйігінен ( <i>Xanthomonas oryzae</i> pv. <i>oryzae</i> ) және күріштің бактериялық жолағынан ( <i>Xanthomonas oryzae</i> pv. <i>oryzicola</i> ) таза аймақтардан шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
5	Күнбағыс тұқымы (Helianthus spp.) (1206 00 100 0-ден)	Күнбағыс фомопсисінен ( <i>Diaporthe helianthi</i> ) таза аймақтардан және (немесе) өндіріс орындарынан шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
6	Дәнді-бұршақты дақылдардың тұқымдары (0708, 1201-ден, 1209-дан)	осы қосымшаның 1-тармағын сақтай отырып. Темекінің сақиналы теңбілдігі неповирусынан ( <i>Tobacco ringspot nepovirus</i> ), қызанақтың сақиналы теңбілдігі неповирусынан ( <i>Tomato ringspot nepovirus</i> ) және қызыл күрең церкоспорозынан ( <i>Cercospora kikuchii</i> ) таза аймақтардан және (немесе) өндіріс орындарынан шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
7	Алқа тұқымдастар және жидек дақылдарының тұқымдары (1209 91-ден, 1209 99 990 0-ден)	осы қосымшаның 1-тармағын сақтай отырып. Темекінің сақиналы теңбілдігі неповирусынан ( <i>Tobacco ringspot nepovirus</i> ), қызанақтың сақиналы теңбілдігі неповирусынан ( <i>Tomato ringspot nepovirus</i> ) таза аймақтардан, өндіріс орындарынан және (немесе) участекелерінен шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
8	Асқабақ дақылдарының тұқымдары (1207 70 000 0, 1207 99 960 0-ден, 1209 91-ден, 1209 99 990 0-ден)	осы қосымшаның 1-тармағын сақтай отырып. Асқабақ дақылдарының бактериялық теңбілденуінен ( <i>Acidovorax citrulli</i> ), темекінің сақиналы теңбілдігі неповирусынан ( <i>Tobacco ringspot nepovirus</i> ) және қызанақтың сақиналы теңбілдігі неповирусынан ( <i>Tomato ringspot nepovirus</i> ) таза аймақтардан, өндіріс орындарынан және (немесе) участекелерінен шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
9	Бұрыштың тұқымы (Capsicum spp.) (0904-ден, 1209-дан)	Картоп түйнектерінің ұршық тәрізділігі вироидінен ( <i>Potato spindle tuber viroid</i> ) таза аймақтардан, өндіріс орындарынан және (немесе) участекелерінен шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.	
10	Қызанақ тұқымы (1209-дан)	осы қосымшаның 1 және 7 тармақтарын сақтай отырып. Картоп түйнектерінің ұршық тәрізділігі вироидінен ( <i>Potato spindle tuber viroid</i> ) және картоптың қоңыр шірігінен ( <i>Ralstonia solanacearum</i> ) таза аймақтардан, өндіріс орындарынан және (немесе) участекелерінен шығарылуы тиіс.	осы қосымшаның 1 және 7 тармақтарын сақтай отырып.	сақтай	отырып.	
11	Пияздың әртүрлі	осы қосымшаның 1-тармағын	сақтай	отырып.		

	тұқымдары, себілетін пиязды қоса алғанда (Allium spp.) (0703-тен, 1209-дан)	Пияз жапырағының күйігі қоздырғышынан ( <i>Xanthomonas axonopodis</i> pv. <i>allii</i> ) таза аймақтардан және (немесе) өндіріс орындарынан шығарылуы тиіс.
12	Макта тұқымы (Gossypium spp. (1207 21 000 0)	осы қосымшаның 1-тармағын сақтай отырып. Макта антракнозынан ( <i>Glomerella gossypii</i> ) және макта күйесінен ( <i>Pectinophora gossypiella</i> ) таза аймақтардан шығарылуы тиіс.
2-тарау. Тұқымдық картоп		
13	Микротүнектерді қоса алғанда, пробиркалардағы картоптың (Solanum tuberosum) нағыз тұқымдары және микроөсімдіктері (0602-ден, 0701-ден)	осы карантиндік фитосанитариялық талаптардың 14-тармағын және осы қосымшаның 7-тармағын сақтай отырып. Картоп сарғауының альфамовирусынан ( <i>Potato yellowing alfamovirus</i> ), картоп тенбілінің андылық комовирусы ( <i>Andean potato mottle comovirus</i> ), картоптың андылық латентті тимо-вирусынан ( <i>Andean potato latent tymovirus</i> ), картоп түйнектерінің ұршық тәрізділігі вироидінен ( <i>Potato spindle tuber viroid</i> ), картоптың Т теповирусынан ( <i>Potato virus T</i> ), зебра чипынан ( <i>Candidatus Liberibacter solanacearum</i> ) және картоптың сақиналы қара дақты неповирусынан ( <i>Potato black ringspot nepovirus</i> ) таза болуы тиіс.
14	Тұқымдық мақсаттарға арналған картоптың түйнектері (микроөсімдіктер мен микротүнектерден баска) (0701-ден)	осы карантиндік фитосанитариялық талаптардың 14-тармағын және осы қосымшаның 7-тармағын сақтай отырып. Картоп сарғауының альфамовирусынан ( <i>Potato yellowing alfamovirus</i> ), Андылық картоп бізтұмсығынан <i>Premnotypes spp.</i> , картоп тенбілінің андылық комовирусы ( <i>Andean potato mottle comovirus</i> ), картоптың андылық латентті тимо-вирусынан ( <i>Andean potato latent tymovirus</i> ), картоптың Т теповирусынан ( <i>Potato virus T</i> ), Гватемалалық картоп күйесінен ( <i>Tecia solanivora</i> ), Картоп қаракүйесінен ( <i>Thecaphora solani</i> ), Картоптың жапырақжегіш қоныздан ( <i>Epitrix tuberis</i> ) және қара күйіктен, картоп жапырақтарының фомозды дақтарынан ( <i>Phoma andigena</i> ) таза өндіріс аймақтардан, Картоптың бозғылт жұмырқұртынан ( <i>Globodera pallida</i> ), картоптың қоңыр шірігінен ( <i>Ralstonia solanacearum</i> ), картоп түйнектерінің ұршық тәрізділігі вироидінен ( <i>Potato spindle tuber viroid</i> ), зебра чипынан ( <i>Candidatus Liberibacter solanacearum</i> ), Картоптың алтын түстес жұмырқұртынан ( <i>Globodera rostochiensis</i> ), картоп күйесінен ( <i>Phthorimaea operculella</i> ), картоптың колумбиялық бұзғынша жұмырқұртынан ( <i>Meloidogyne chitwoodi</i> ), картоп жолақтары сарғауының кринивирусынан ( <i>Potato yellow vein crinivirus</i> ), жалған берішті жұмырқұртынан ( <i>Nacobbus aberrans</i> ), жалған колумбиялық бұзғынша жұмырқұртынан ( <i>Meloidogyne fallax</i> ), картоптың сақиналы қара дақты неповирусынан ( <i>Potato black ringspot nepovirus</i> ), картоптың сары ергежейлігі рабдовирусынан ( <i>Potato yellow dwarf nucleorhabdovirus</i> ), картоптың қатерлі ісігінен ( <i>Synchytrium endobioticum</i> ) және қынагулдің некротикалық тенбілдігі тосповирусынан ( <i>Impatiens necrotic spot tospovirus</i> ) таза аймақтардан шығарылуы тиіс. Тұқымдық картоп өсімдік қалдықтарынан таза болуы тиіс. Өнімнің нақты салмағының 1 пайызынан аспайтын топырақтың болуына жол беріледі. Тұқымдық картоп партияларында топырақпен таралатын карантиндік объектілер анықталған жағдайда, кейінгі жеткізілімдер кезінде топырақтың болуы бойынша рұқсат ету өнімнің нақты салмағының 0,1 пайызынан аспайтын болып белгіленеді.
3-тарау. Жеміс дақылдарының көшеттері, телітушілері және қалемшелері		
15	Дәнді, сүйекті және жаңғақ жемістілердің көшеттері мен телітушілері, олардың әсемдік тамырланған формаларын қоса алғанда (0602-ден)	осы қосымшаның 1-тармағын сақтай отырып. Азиялық мұртты қоныздан ( <i>Anoplophora glabripennis</i> ), азиялық жеміс шыбынынан ( <i>Drosophila suzukii</i> ), америка пілләйіруші қобелегінен ( <i>Malacosoma americanum</i> ), американлық алхоры жеміс жемірінен ( <i>Cydia prunivora</i> ), шиенің жеміс жемірінен ( <i>Cydia packardi</i> ), шығыс шие шыбынынан ( <i>Rhagoletis cingulata</i> ), шығыс жеміс жемірінен ( <i>Grapholita molesta</i> ), шығыстық жеміс шыбынынан ( <i>Bactrocera dorsalis</i> ), алмұрттың қанқобелегінен ( <i>Numonnia pyrivorella</i> ), інжірдің балауызды жалған

	(0602 90 100 0 коспағанда))	қалқаншалы сымырдан ( <i>Ceroplastes rusci</i> ), калифорниялық қалқаншалы сымырдан ( <i>Quadrapsidiotus perniciosus</i> ), қытайлық мұртты қоңыздан ( <i>Anoplophora chinensis</i> ), қызыл қалқаншалы сымырдан ( <i>Aonidiella aurantii</i> ), қызылмойынды мұртты қоңыздан ( <i>Aromia bungii</i> ), қоңыр сымырдан ( <i>Chrysomphalus dictyospermi</i> ), қанжарлы жұмырқұтынан ( <i>Xiphinema rivesi</i> ), шабдалы жеміс жемірінен ( <i>Carposina sasakii</i> ), жеміс бізтұмсығынан ( <i>Conotrachelus nenuphar</i> ), қигаш сзықты жапырақ ширатқыш көбелегінен ( <i>Choristoneura rosaceana</i> ), тұт ағашының қалқаншалы сымырдан ( <i>Pseudaulacaspis pentagona</i> ), комсток сымырынан ( <i>Pseudococcus comstocki</i> ), Алманың домаләк басты шырылдауық мұртты қоңыздан ( <i>Saperda candida</i> ), алманың зеркоңызынан ( <i>Agrilus mali</i> ), алма шыбынынан ( <i>Rhagoletis pomonella</i> ), жапондық балауызды жалған қалқаншалы сымырдан ( <i>Ceroplastes japonicus</i> ), жапон қоңызы ( <i>Popillia japonica</i> ) және таяқша тәріздес жапондық қалқаншалы сымырдан ( <i>Lopholeucaspis japonica</i> ) таза болуы тиіс. Іnjіrdің балауызды жалған қалқаншалы сымырдың ( <i>Ceroplastes rusci</i> ), калифорниялық қалқаншалы сымырдың ( <i>Quadrapsidiotus perniciosus</i> ), тұт ағашының қалқаншалы сымырдың ( <i>Pseudaulacaspis pentagona</i> ), комсток сымырдың ( <i>Pseudococcus comstocki</i> ) және таяқша тәріздес жапондық қалқаншалы сымырдың ( <i>Lopholeucaspis japonica</i> ) таралу аймағынан, өсімдіктерді экспорттаушы елде өсімдіктерді залалсыздандырғаннан кейін ғана фитосанитариялық сертификатта залалсыздандыру туралы тиісті жазба қойыла отырып, әкелуге рұқсат етіледі. Жүзімнің бактериозынан (Пирс ауруынан) ( <i>Xylella fastidiosa</i> ), картоптың бозғылт жұмырқұтынан ( <i>Globodera pallida</i> ), картоптың алтын түстес жұмырқұтынан ( <i>Globodera rostochiensis</i> ), картоптың колумбиялық бұзғынша жұмырқұтынан ( <i>Meloidogyne chitwoodi</i> ), жалған колумбиялық бұзғынша жұмырқұтынан ( <i>Meloidogyne fallax</i> ), танқурайдың сақина дақтарының неповирусынан ( <i>Raspberry ringspot nepovirus</i> ), Темекінің сақиналы теңбілдігі неповирусынан ( <i>Tobacco ringspot nepovirus</i> ), қызанактың сақиналы теңбілдігі неповирусынан ( <i>Tomato ringspot nepovirus</i> ) картоптың қатерлі ісігінен ( <i>Synchytrium endobioticum</i> ) және техастық тамыр шірігінен ( <i>Phymatotrichopsis omnivora</i> ) таза аймақтардан, өндіріс орындарынан және (немесе) участкерінен шығарылуы тиіс.	
